

## Басқұдық ауылдық округінің әкімшілік-аумақтық құрылысына қарасты құрамдас бөліктеріне және көшелеріне аталар қою туралы

Мұнайлы ауданы әкімдігі Басқұдық селосы округі әкімі аппаратының 2009 жылғы 20 желтоқсандағы № 291 шешімі. Мұнайлы ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 19 қаңтарда № 11-7-66 тіркелді

**Ескерту. Тақырыпқа өзгерістер енгізілді - Маңғыстау облысы Басқұдық селолық округі әкімдігі 22.07.2014 № 317 (жарияланғаннан кейін 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 08 желтоқсандағы № 4200 «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы», 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» Заңдарына сәйкес және Басқұдық ауылдық округі тұрғындарымен 2009 жылы 09 желтоқсан күні өткізілген жиналыстың хаттамасы негізінде **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Басқұдық ауылдық округі «Маржан» елді мекенінің шығыс жақ бетінде орналасқан бұрынғы «Энтузиаст» өндірістік кооперативінің 10 гектар аумағындағы жер учаскелері «Самал» тұрғын - үй массиві, «Рахат» елді мекенінің шығыс жақ бетінде орналасқан бұрынғы «Согласие» өндірістік кооперативінің аумағындағы жер учаскелері «Алау» тұрғын - үй массиві деп аталсын.

2. 1 қосымшаға сәйкес «Самал» тұрғын - үй массивінің көшелеріне атаулар қойылсын.

3. 2 қосымшаға сәйкес «Алау» тұрғын - үй массивінің көшелеріне атаулар қойылсын.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді.

Әкім

*Н. Кучербаев*

Басқұдық

ауылдық

округі

әкімінің

2009

жылғы

20

желтоқсандағы

№

291

шешіміне

1 қосымша

№	«Самал» тұрғын-үй массиві көшелерінің атаулары
1	Жұлдыз
2	Тұлпар
3	Отандастар
4	Шерқала
5	Ғарышкер

6	Құрмет
7	Жас дәурен
8	Гүлдер
9	Дана
10	Әсем

Басқұдық ауылдық округі әкімінің  
2009 жылғы 20 желтоқсандағы  
№ 291 шешіміне

2 қосымша

№	«Алау» тұрғын-үй массиві көшелерінің атаулары
1	Барыс
2	Үшқоңыр
3	Самұрық
4	Балдырған
5	Ұлан